

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)

2021 жылғы 24 ақпандағы № ДС-71

Құрметті депутаттар!

Сенімгерлік басқаруға берілген колледждерге қатысты Сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев 2019 жылы «Bilim және Gylym!» тамыз конференциясында Үкіметке колледждерді ірі кәсіпорындар арқылы сенімгерлік басқаруға көшіру мәселелері бойынша стратегиялық бағдарларды айқындап, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын (*бұдан әрі – ТЖКБ ұйымдары*) дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеуді тапсырды.

Осы тапсырманы орындау мақсатында Білім және ғылым министрлігі колледждердің материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін оларды ірі кәсіпорындарға сенімгерлік басқаруға беру туралы ұсыныс әзірледі. Бұл ретте сенімгерлік басқаруға өтетін ТЖКБ ұйымдарын «Жас маман» жобасы шеңберінде жарақтандырылатын ұйымдар тізімінен алып тастау қарастырылған. Аталған ұсыныс Үкіметте қолдау тапты.

Осыған орай, бюджет қаражатын тиімді пайдалану әрі қоса қаржыландыруды болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 457 бұйрығымен (*бұдан әрі – № 457 бұйрық*) «Жас маман» жобасы шеңберінде еңбек нарығында сұранысқа ие білікті кадрлар даярлауды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына (*бұдан әрі – Қағидалар*) тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

ТЖКБ ұйымдарын сенімгерлік басқаруға беру бюджеттен тыс кіріс көздерін тарту арқылы ТЖКБ ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жаңартуға бизнестің қатысуын көздейді.

Өз кезегінде «Жас маман» жобасы бюджет қаражаты есебінен өңірлердегі озық әрі перспективалы мемлекеттік ТЖКБ ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға бағытталған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жанындағы «Жас маман» жобасын іске асыру жөніндегі комиссия (*бұдан әрі - Комиссия*) отырысының 2019 жылғы 28 қазандағы хаттамасына сәйкес Түркістан индустриалды-құрылыс колледжі, Түркістан жоғары аграрлық колледжі және №16 колледж «Жас маман» жобасы шеңберінде 2021 жылы жаратандырылатын ТжКБ ұйымдарының тізіміне енген болатын.

Алайда, Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 27 қарашадағы № 271 қаулысына сәйкес жоғарыда көрсетілген колледждер «Dala-Construction.kz» ЖШС-ға, «Dala-Fruit» ЖШС-ға және «Хамит» АӨК-ге сатып алу құқығынсыз 10 жылға сенімгерлік басқаруға берілуіне байланысты 2020 жылғы 9 желтоқсанда аталған колледждер «Жас маман» жобасы шеңберінде жаратандырылатын ТжКБ ұйымдары тізімінен алынып тасталды.

Бұл мәселе колледждерді сенімгерлік басқаруға алған кәсіпорындардың талап арызы бойынша Түркістан облысының ауданаралық экономикалық сотында қаралды. Сот сенімгерлікке берілген колледждердің тізімінен алынып тасталуы заңға қайшы келмейтіні туралы шешім қабылдады.

Осыған орай, аталған колледждердің материалдық-техникалық базасын жабдықтау мәселелері сенімгерлік басқару шартында айқындалған талаптарға сәйкес іске асырылуы қажет.

Е. Тоғжанов